<tr><td>Бесін ас</td><td colspan="5">Кезекшілердің жқмысы (асхана құралдары, майлықтарды салу)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.
Дос бол сабын су мен сен
Жиі, жиі жуын сен
Жуынсаң сен әрдайым
Аппақ бетің, маңдайың
Тазалықтың досы
Су дегенің осы</td></tr>
</table>

Балалардың дербес іс-әрекеті	Д\о: «Менің отбасым» **Міндеті:** Менің отбасым шағын әңгіме құрастыра отырып әр түрлі пішінді доптарды мүсіндеу. **(коммуникативтік-шығармашылық әрекет)**	**Хореография вариатив** Үйшік **Міндеті:** орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдеңеңінен орналастыру дағдыларын дамыту. **(құрастыру әрекеті)**	“Көбелек” **Міндеті:** Қағаз парағында заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. **(жапсыру)(танымдық-шығармашылық әрекет)**	**Хореография вариатив** **Мүсіндеу** Д\о: «Менің ойыншығым» **Міндеттері:** «Менің ойыншығым» шағын әңгіме құрастыра отырып әр түрлі пішінді доптарды мүсіндеу. **(коммуникативтік-шығармашылық әрекет)**	Д\ойын: «Табиғатты аялайық» **Міндеті:** балалардың табиғат, қамқорлық құндылық туралы түсініктерін қалыатастыру. **(қоршаған орта) (танымдық-әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс				
	Асылым, Бексұлтанмен сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен тепе-теңдікті сақтап журуге уйрету. (физикалық қасиеттерді дамыту)	Бекарыс, Ясмина сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтуға уйрету. (коммуникативтік дағдылар)	Бексултан,Ерсултанмен геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуге оларды ажыратуға уйрету. (танымдық дағдылар)	Султанмен Раяна қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауға, оларды кезектестіріп ретімен желімдеуге уйрету. (шығармашылық дағыдлар	Ғибрат, Дінмұхаммед ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнауға уйрету. (шығармашылық дағдылар)
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ***(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).***				
Серуен	Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау. (қоршаған ортамен таныу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекекті				
	««Кім жылдам?»» қимылды ойын	«Ұйқыдағы аю» қимылды ойын	«Танып ал да, атын ата» танымдық ойындар	Артикуляциялық жаттығулар.	“Тақия тастамақ”қимылды ойын
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ***(дербес қимыл әрекеті)*.**				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әркеттері	Балалардың қызығушылығы иен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын,қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
	Қ/о: «Айгөлек ау-айгөлек» Музыка әуенімен. **Мақсаты :** Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуді дамыту.	Қ/о: «Сақина жасыру» **Мақсаты:** қимыл қозғалысын дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** Жануарларға арналған қоршау. Мақсаты: Балаларға дайын шарбақтардан	Қ/о: «Хан талапай». Еркін ойындар**.** **Мақсаты:** әр түрлі бағытта жүгіре алуын дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	Қ/о: «Көжектер мен түлкілер» **Мақсаты:** балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын ойлау қабілеттерін дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	Қ/о: «Ұшақтар» Еркін ойындар. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу

	(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті) Жеке әңгімелесулер.	қоршау құрастырту,қол маторикасын дамыту.			
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				
	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киіндірудің қажеттілігі туралы әңгімелесу	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ата-аналармен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу

Тексерілген күні: 13.09.2024 ж

Үсыныс: Гигиеналық дағдыларды қорыту сәтінде қалыптастыру

Әдіскер

Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы
(қыркүйек) 4 апта

Білім беру ұйымы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота балабақша-бөбекжайы» КМҚК

Топ: «Балақан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С

Жоспардың құрылу кезеңі:**23.09-27.09.2024**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **23.09.24**	**Сейсенбі** **24.09.24**	**Сәрсенбі** **25.09.24**	**Бейсенбі** **26.09.24**	**Жұма** **27.09.24**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау «Баланың тілі қалай дамиды?» тақырыбында жаңадан келген ата-аналарға кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	«Күзгі еңбек» Сурет арқылы балаларды сөздерден сөйлем құрату. Күз мезгілінде жеміс, жидектер туралы әңгімелесу. **(экологиялық тәрбие)**				

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Жатқа білер дос атын, Дос бар бізді тосатын. Балабақша біздің үй. Басымызды қосатын Саусақпен ойнаймыз: «Құлып» Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету (Коммуникативтік дағдылар)	Дидактикалық ойын «Не артық?» Міндеті: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (Танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?» Міндеті: байланыстырып сөйлеу дағдысын меңгерту (Коммуникативтік дағдылар) «Құстарға арналған ұя» Міндеті: Балаларға ағаш таяқшалардан ұя құрастыруға уйрету.Құстарды қорғай білуге тәрбиелеу. (Құрастыру)	Саусақпен ойнаймыз: «Қоян інде» Ақ қоян-ау, ақ қоян, Үркек қоян, сақ қоян, Дыбыс шықса қашасың. Міндеті: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. (Коммуникативтік дағдылар)	«Қауіпті заттар» Міндеті: қоршаған орта заттары жайлы түсінік қалыптастыру. Дәретхана мен ойын бөлмедегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрін түсіндіру. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).** 1. Б.қ.аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалаулармен беттерін жауып "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Б.қ. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Б.қ. аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, жалаулармен умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Б.қ. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Б.қ. жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, жалауларын беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Б.қ. аяқ бірге, дене бос, қол төменде.				

	4.1. Жалауларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Б.қ. (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз, Ойыншықты шашпаймыз. Терезені ашпаймыз, Қолымызды жуамыз Таңғы асқа отырып Тыныштықты сақтаймыз(көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Бір тұтас тәрбие				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	**Қазақ тілі** **Тақырыбы**: «Балабақшада кім жұмыс істейді?» **Міндеті:** Балабакшада жұмыс істейтін қызметкелерге байланысты жаңа сөздер қатарын беру. Қарапайым сұрақтарға жауап беруге бағыт беру.	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. **Міндеті:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды орындау. музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. .**Қимылды ойын:** «Тордан допты өткізу»	**Музыка** **Тақырыбы: «Қос дабыл»** (Дыбыстың биіктігін айыру үшін арналған ойын) **Міндеті:** Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** **Спорттық жаттығулар:** **Міндеті:** Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу **Қимылды ойын:** **«**Құстар мен жаңбыр» **Міндеті:** Балаларды шапшандыққа, тез шешім қабылдауға	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. **Міндеті:** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды орындау. музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. .**Қимылды ойын:** «Тордан допты өткізу»

	Музыка **Тақырыбы: «Ән салған кім?»** **Міндеті:** Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап,қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу.	**Мақсаты:** Балаларды допты алғыс	баулу.	дағдыландыру.Ұйым шылдыққа тәрбиелеу	**Мақсаты:** Балаларды допты алғыс
	«Біз доспыз» Міндеті: Дос болу сезімін дамыту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту. (коммуникативтік дағдылар) (сөйлеуді дамыту) (сурет салу) Менің ала добым Міндеті: Дөңгелек пішінді заттарды салуға уйрету,қол маторикасын	**Мүсіндеу** **Тақырыбы: Сұр қоян** **Міндеті:** Балаларға бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сұр қоян туралы білімдерін толықтыру **«Біздің топ»** Міндеті: Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды	«Әже қонаққа келді» Міндеті: Сәлемдесу. Үлкен адамдарға құрмет көрсетуді түсіндіру. Автобус және басқада тарнспорттарда үлкен кісіге орын беру әдебін үйрету. өз әжелерінің есімін атау, Сұрақ қою арқылы балалардың сөйлеуін қалыптастыру. сөйлеуді дамыту. Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін	«Жемістер мен көкөністер» Міндеті: Жемістер мен көкөністерді ажырата білуді үйрету. Балаларға жемістер мен көкөністердің құрамында дәрумендер көп екенін түсіндіру. Жеміс ағаштарын қорғап, қамқорлық жасай білуін үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар) Қоянға арналған сәбіздер. Міндеті:Ермексазбен сәбізді мүсіндеу дағдысын жетілдіру.	«Кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келді». Міндеті: Балаларды тазалыққа, тәртіпке үйрету. Үнемі таза жүруге баулу. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. (коммуникативтік дағды) **«**Үш аю» ертегісін оқып беру. Ертегіні түсінуіне жағдай жасау Ертегіні рөлге бөліп ойнату. (көркем әдебиет) Ертегі кейіпкерлерін санату. 1ден 3 ке дейін

	дамыту.	көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту. Коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік дағдылар) (сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)	дамыту. Коммуникативтік, танымдық дағдылар (Сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	(мүсіндеу) Қағазға саусақпен дәндердің суретін нүкте басу әдісімен салуды үйрету (Сурет салу)	тура және кері санату. (математика негіздері)
	Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасындағы сергіту сәттерін өткізу				
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары,еңбек әрекеті (кезекшілік) Балалардың назарын тағамға аудару,үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру(сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру ***(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту***				

Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі				
	Күзгі жапырақтарды бақылау **Міндеттері:** Мезгіліне байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» **Міндеттері:** қимыл қозғалысын дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	Желді бақылау. **Міндеттері:**Желдің түрлерімен таныстыру Балалардың дербес әрекеттері. Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар ойнату. **(Танымдық-құрастыру әрекеті)** **Еңбек әрекеті**: Таза алаң. **Міндеттері:** балаларды пайдалы еңбекке қызығушылығын ояту, белгілі бір еңбек тәртібін жасауға, бағалауға, орындауға үйрету.	Жаңбырды бақылау. **Міндеттері:** Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Еркін ойындар. Қимылды ойын: «Гүл мен көбелек» **Міндеттері:** ойын ережелерін сақтауға үйрету; ептілік пен жүгіру жылдамдығын дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** Еңбек әрекеті: Жапырақтардан гүл шоғын жасау. **Міндеттері:** балаларды пайдалы еңбекке қызығушылығын ояту.	Ауа-райын бақылау **Міндеттері:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсету. Қимылды ойын: «Шарды ұста» **Міндеті:** балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын ойлау қабілеттерін дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** Еңбек әрекеті Тұқым жинау. **Міндеттері:** балаларды пайдалы еңбекке қызығушылығын ояту, белгілі бір еңбек тәртібін жасауға,	Бұлтты бақылау. **Міндеттері:**Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін ажырату. Қимылды ойындар: «Допты қуып жет» **Міндеттері:** дербес қимыл белсенділігін дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** **Еңбек әрекеті:** Топ ауласын бұтақтардан тазарту. **Міндеттері:** балаларды пайдалы еңбекке қызығушылығын ояту, белгілі бір еңбек тәртібін жасауға, бағалауға, орындауға үйрету.

				бағалауға, үйрету.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ***(дербес қимыл әрекеті)*.**				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы(асхана құралдарын, майлықтарды салу) Гигиеналық процедуралар(қолды дұрыс жуу, сүлгіні орнына ілу, қолды дұрыс сүртуге машықтану (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** **Көркем сөз** Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамыз Таза болды мұнтаздай Тағамға қол созамыз Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару;тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері.Балалрдың құыптылығын бағалау				
Күндізгі ұйқы	Бесік жырын айтып беру .Балаларға жақсы көңіл-куй туғызу.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.	«Әже әлдиі» бесік жырын тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту)Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар). **.(Қимыл-қозғалыс белсенділігі)**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдары, майлықтарды салу). Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Дос бол сабын су мен сен Жиі, жиі жуын сен Жуынсаң сен әрдайым Аппақ бетің, маңдайың Тазалықтың досы				

	Су дегенің осы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Д/О: "Жылдың қай мезгілі?" Міндеті: табиғатты суреттеуді өлеңмен немесе прозамен жылдың белгілі бір уақытымен байланыстыра білуге үйрету; есту зейінін, ойлау жылдамдығын дамыту. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)	**Хореография вариатив** Д/О: "Қандай өсімдік екенін тап" Міндеті: затты сипаттауға және оны сипаттамасынан білуге үйрету, есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. (коммуникативтік дағды)	Сюжетті-ролдік ойын: «Дәрігер» Міндеті: Балаларды таза жүруге үйрету. Дәрігердің қызметі туралы үйрету. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)	**Хореография вариатив** Д/О: "Кім (не) ұшады?" Міндеті: жануарлар, жәндіктер, құстар туралы білімдерін бекіту, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. (коммуникативтік, әлеуметтік дағды)	Д/О: "Жаз немесе күз" Міндеті: Жаз мезгілінің белгілері туралы білімдерін бекіту, оларды жаз мезгілінің белгілерінен ажырату; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; ептілікке тәрбиелеу. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс				
	Асылым, Маликамен өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруге уйрету	Султан ,Бексултанмен қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге уйрету. (коммуникативтік дағдылар)	Санжар мен Нариманға дыбыстарды дұрыс айтқызу. Балалармен жеке жұмыс жасау арқылы дыбыстарды дұрыс айта білуін қалыптастыру. (коммуникативтік дағдылар)	Дінмұхаммед , Айлинмен бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстыруға уйрету.	Ғибрат, Ханторемен қағаз парағын түрлендіреді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруға уйрету. (шығармашылық дағдылар)

	(физикалық қасиеттерді дамыту)			(танымдық дағдылар)	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. ***(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).***				
Серуен	Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау. (қоршаған ортамен таныу, танымдық және зерртеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекекті				
	«Ұшты-ұшты»» қимылды ойын	«Ақсерек пен көк серек» қимылды ойын	«Қандай пішінге ұқсайды» танымдық ойындар	Саусақ жаттығулар	“Тақия тастамақ” қимылды ойын
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. ***(дербес қимыл әрекеті).***				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әркеттері	Балалардың қызығушылығы иен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын,қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Міндеті: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа	К/О: “Қоймадағы тышқандар” Міндеті: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын	Қ/о: “Құстар мен мысық” Міндеті: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың	К/о: «Тауықтар мен балапандар» Міндеті: Балалардың қимыл қозғалыстарын	Қ/о: «Сақина жасыру» Міндеті: Қимыл қозғалысын дамыту. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**

	тәрбиелейді. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)** Жеке әңгімелесулер.	дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. **(Қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті)**	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				
	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киіндірудің қажеттілігі туралы әңгімелесу	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ата-аналармен балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу

Тексерілген күні: 20.09.2024 ж.
Ұсыныс: Балалардың дербес әрекетіне тырмендіру
Әдіскер

Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы(қазан) 1 апта

Білім беру ұйымы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота балабақша-бөбекжайы»

Топ: «Балақан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.09.24-04.10.2024

Күн тәртібі	**Дүйсенбі 30.09.24**	**Сейсенбі 01.10.24**	**Сәрсенбі 02.10.24**	**Бейсенбі 03.10.24**	**Жұма 04.10.24**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалармен үстел үсті ойындарын ойнату.«Бұл қай мезгіл?» (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, көңіл-куйі жайлы әңгімелесу. «Балалардың тілін дамыту» тақырыбында жаңадан келген ата-аналарға кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау),жапрықтарын сүрту. (экологиялық тәрбие)				
	«**Күз айының қызықтары»** шығармашылық орталығы (мүсіндеу,жапсыру, сурет салу, қоршаған ортамен	**«Қызықты күз айы»** Квест-ойыны (математика негіздері, сурет салу, сөйлеуді дамыту) **Міндеттері:** Заттардың кеңістікте	«Екі әтеш» ертегісін оқып беру (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) **Міндеттері:**досты ққа, адалдыққа	**Танымдық-зерттеу әрекеті** «Топырақтың қасиеті» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Шығармашылық орталығы **«Әдемі ою өрнектер» -** әртүрлі материалдардан көрпешелер құрастыру, оларға ою-өрнектерді орналастыру.Құрастырған композицияларына ұқыпты

	танысу) **Міндеттері**: Үлгі бойынша немесе өз ойынан жемістерді және көкөністерді мүсіндеу, жапсыру, сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Бейн еленген заттары туралы әңгімелеу.	орналасуын анықтау, оларды санау және көлемі бойынша орналастыру)Күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырату.Маусымдық өзгерістер жайлы әңгімелеу, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие)	тәрбиелеу. Сюжетті мұқият тыңдау, сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Шығармашы-лық орталығы (жапсыру, сөйлеуді дамыту) Балаларға қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету, бүктеу сызықтары бойымен жолақты кесу.	Міндеттері: Қарапайым тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру (сұйық, мөлдір, иіссіз, дәмсіз, ыдыстан төгілуі мүмкін). Судың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу.	қарау туралы әңгімелесу Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына тәрбиелеу. Ою өрнектерді дұрыс ажырата білуге баулу.(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру) (Біртұтас тәрбие жоспарынан)
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары** (жалаушалармен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар жалаушаларымен оң жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; 1.2. Бастапқы қалып 1.3. Балалар жалаушаларымен сол жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; 1.2. Бастапқы қалып 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларымен: "жаса" дейді; 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, жалаушалар тізе үстінде 3.1. Жерге арқаларынан жатып, жалаушаларын жоғары желбіретіп: "тербе" дейді; 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				

	4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1. Жалаушаларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Кезекшілердің жұмысы «асхана аспаптарын, майлықтарды салу) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау, Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т.б.Ұйымдастырылған іс-әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс әрекет	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Күз сыйы» **Міндеті:** Балалардың күз мезгіліне байланысты сөздік қорларын молайту. Сөзден сөз тіркестерін құратып жаттықтыру. Педагогтің үлгісі бойынша күз мезгілі туралы қысқаша айтуға үйрету. Күз тақырыбына тақпақ, әндер жаттату. Сөз	**Дене шынықтыру.** **Негізгі қимылдар** Тепе - теңдікті сақтау. **Міндеті:** Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.	**Музыка** **Тақырыбы:** **«Ғажайып үйшік»** **Міндеті:** Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу.	**Дене шынықтыру.** **«Секіру»** **Міндеті:** Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын текшені қолдан-қолға ауыстыра жүруді, жүгіріп келіп ұзындыққа секіруді үйрету. **Еркін ойын:** «Еденде қалма». Күтілетін нәтиже: ойынның шарттарын сақтайды.	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар** Жүру. **Міндеті:** Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. **Қимылды ойын: «Құстар мен жаңбыр»** **Міндеті:** Балаларды шапшандыққа, тез шешім қабылдауға дағдыландыру.Ұйым шылдыққа тәрбиелеу.

	ішіндегі қазақ тіліне тән Ә,Ө,Қ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздерді ынта қуйрету **Музыка** **Тақырыбы:** «Бұл қай кезде болады?» **Міндеті:** Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.	**Қимылды ойын: «Қоңыздар»** **Міндеті:** Балаларды музыка көмегімен бұйрықтарды орындауға баулу. Аяқ-қол бұлшықеттерін дамыту.			
	Жомарт күз **Міндеттері**:Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түсін түрін	**Сурет салу** **Күзгі саябактағы жапырактар** **Міндеті:** Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп,	**«Құстар қанатты достар»** Міндеттері: Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін құстарды бақылау. Бақылау барысында кейбір құстардың болмауына	**«Тазалықтың достары»** Міндеті**:** Тазалықтың достары туралы сұрау, сөйлеу тілін жетілдіру. Тазалықтың досы-айна және сабын.Құрастыру. Балалардың конструкторлар арқылы айна мен сабынды құрастыру дағдысын дамыту. Құрастырған	«**Үлкен-кіші таяқшалар»** Міндеті: Шама. ұзындығы мен ені бойынша , биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; заттарды көлемі бойынша топтастыру Қ/ойын Үлкен-кіші доптар.

	атап,санап ,топқа алып келу.Сан және санау дағдыларын дамыту.Екі қатарда тұрған заттар тобын салыстыруды үйрету.**(қорша-ған ортамен танысу,математика негіздері) (коммуникативтік-әлеуметтік,танымдық дағды)** "Шарды ұста" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту. (физмкалық қасиеттерді дамыту)	қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру; ұжымдық жұмысты бейнелеп шығаруды үйрету; **(шығармашылық дағдылар).** Сөйлеуді дамыту «**Менің сүйікті кітапшам»** Міндеттері: көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Ариткуляциялық және дауыс аппаратын сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді дамыту.Қол саусақтары мен алақандардың қозғалысын пайдалана отырып, екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;	зейіндерін аударуды дамыту.Өздері білетін құстар туралы айтқызу. Құстарға жем, су беру. Құстардың суретін салу. Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **(**қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, құрастыру (коммуникативтік-әлеуметтік ,шығармашылық дағдылар)	орындықтарымен ойнату.Балалардың ойыншыққа қызығушылығын арттыру.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.Балалардың қол матрикасын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту/көркем әдебиет/құрастрыу) **(**коммуникативтік, Шығармашылық әлеуметтік дағдылар) «Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. (математика негіздері)	Сурет салу, мүсіндеу «Анама сыйлық» Міндеті:Бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды үйрету.ұқыпты бояу дағдыларын жетілдіру.Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру.Суреттерді бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай қиғашпен жүргізу. Қ/ойын. Кім жылдам, (танымдық,коммуникативтік,шығармашылық дағдылар)

		(сөйлеуді дамыту,мүсіндеу) (коммуникативтік-шығармашылық ,физикалық дағдылар)			
	Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасындағы сергіту сәттерін өткізу				
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру (сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа-райына байланысты) бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу қызметі), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қозғалмалы және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек қызметі.				
	Маусымдық өзгерістерді бақылау. Міндеттері: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.	**Күзгі көріністі бақылау.** Міндеттері: Күз ерекшеліктерін айыра білуге , күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы,	**Бақылау**:Қайың ағашын бақылау. **Мақсаты**: қайың ағашының күзгі көркін бақылау. Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. Тапсырма:	**Ауа-райын бақылау**. Мақсаты: Күннің қанша градусқа төмендегенің бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын	**Желді бақылау.** Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын

	Қимылды ойын: «Кім жылдам» Міндеттері: Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту,ептілікке тәрбиелеу. (**қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті**). ***Еңбек әрекеті:***ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау. Еңбекке баулу.	жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсініктерін қалыптастару. *Қимылды ойын:* «Аю мен қоян» Міндеттері: ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл қозғалысын дамытуға,ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Жеке жұмыс: Қозғалыстардың дамуы Міндеттері: Ұзын арқанмен секіруді жетілдіру(екі аяқпен тіке қырындап секіру). Еркін ойындар. ***Еңбек әрекеті:***Ауладағы құстарға жем беру Міндеттері Табиғатты аялай білуге, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. **(Танымдық, коммуникативтік әрекет)** **Қимылды ойын: «Ұядағы құста» Мақсаты:**Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік-шығармашылық әрекеті). **Еңбек:** «Ойнаған ойыншықтарын жинату» **(Еңбек әрекеті)** **Балалардың еркін іс-әрекеті.** .Балалардың өз бетімен ойнауы.	түсіндіру. ***Еңбек әрекеті:*** «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. *Қимылды ойын*: «Қасқыр мен қаздар» Міндеттері: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. (**қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті**).	үдететіндігін түсіндіру. Қимылды ойын: «Қояндар» Мақсаты: балаларды тез жүгіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту. (**қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті**). Д/ойын. «Күзгі жапырақтар» Қоршаған орта. Математика негіздері Міндеті: Жапырақтарды тура және кері санату,көлемін, түр-түсін ажырату. **(Танымдық, коммуникативтік әрекет)**

Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафка салу. Балаларға киімдерін шешіп, бүктеп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын жуғызу. Қол жуу барысында сабынды пайдалануды дағдыға айналдыру. Болған соң орамалмен сүртіп, орнына ілуді қадағалау.				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою. Сырттан келіп үнемі Сабынмен қол жуамыз Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Күндізгі ұйқы	Музыкатерапия	Реалаксация «Біздің қолдарымыз демалады»	«Ақылды қонжық» әңгімесін айтып беру.	«Ұйқыдағы ару» ертегіні тыңдау. (аудио)	«Халық ертегілерін оқу»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. Сумен жуыну,сабынды,сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру. **Ойын- жаттығу:** Ақ мамықтай түгі бар, Қызыл,жасыл гүлі бар. Жұмсақтығы мақтадай, Сүтінесің жалықпай. Тазалықтың досы, Сүлгі деген осы.**(Қимыл-қозғалыс белсенділігі)**				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс жүргізу. Ас ішіп болғаннан кейін тәрбиеші рұқсатымен майлықтарды әдемілеп алып ауыздарын және қолдарын сүрте отырып, «Асқа рақмет!» айтқызуды үйрету..**(Коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Балаларға құрастыру ойыншықтарынан әдемі ғимарат құрастырту.	**Хореография Вариатив** **Бағдаршам** **Міндеті:** Балалардың	**Дидактикалық ойын: «Кім қандай»** **Мақсаты:** Балаларды жәндіктердің сырт кейпіне, дағдыларына, мекніне,	**Хореография Вариатив** **Дидактикалық ойын:**	**Қозғалыс ойындары:** «Кім жылдам » **Мақсаты**: қимыл қозғалыс

	(құрастыру) Өз қалаулары бойынша үш топқа бөліп ,шардың суретін бояту, екінші топқа шарды мүсіндету, үшінші топ шарды ақ бетке жапсырады.(**сурет салу,жапсыру, Мүсіндеу-шығармашылық дағдылар)**	бағдаршам туралы білімдерін жетілдіру.Бағдаршамның үш көзі турлы уйрету. Көшеде жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.Қауіпсіздік шараларын сақтауға дағдыландыру. **Сюжетті-рөлдік ойын** « Аурухана» **Мақсаты:** Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Балабақшадағы әр түрлі мамандықтар жайлы әңгімелейді. (**танымдық, коммуникативтік, ойын әрекеті**).	қозғалыс тәсіліне анықтама беруге ынталандыру.. **(Сөйлеуді дамыту-ойындық, коммуникативтік, танымдық, зеттеу әрекеті)** Ертегі кейіркелері туралы сипаттама жасауға үйрету, ертегіні есте сақтай отырып мазмұны бойынша өз беттерінше ертегіні айта білу дағдыларын қалыптастыру. **(Көркем әдебиет – шығармашылық-танымдық әрекет)** **Қимылды ойын: «Қаздар мен түлкі»** **Мақсаты:** Балалардың есте сақтауқабілеттерін дамыту, жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету.	«Экологиялық тізбек» **Мақсаты:** Қоректік тізбектің буындары туралы түсініктемелер беру;Тірі табиғат,өсімдіктер, ұлы өсімдіктержыртқыш аңдар. Табиғат заңымен таныстыру;**(Сөйлеуді дамыту-ойындық, коммуникативтік, танымдық, зерттеу әрекеті)** **Дидактикалық ойын: «Ұяшықтар»** **Мақсаты:** Балалардың зейнің, есте сақтау қабілеттерін, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **(Танымдық, коммуникативтік ойын әрекеті)**	белсенділігін дамыту. (қимыл-қозғалыс, ойын әрекеті). **Жаңылтпаштар** Мақсаты: Балалардың тілдерін, есте сақтау өабілеттерін дамыту, есту арқылы сөздердің дыбыстарды аңық айта білуге қалыптастыру. (**сөйлеуді дамыту-коммуникативтік танымдық әрекет**).
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс				

	Арманаймен геометриялық пішіндерді ажырату Мақсаты: Пішіндерді дұрыс ажыратуға баулу.	Бекарыспен«Бұл не» ойыны Мақсаты: Заттарды атауын дұрыс айтқызц.	Рузана ,Димашпен «Кілемдерді безендіру» Мақсаты: Ұлттық ою-өрнектерді ажыратуға баулу.	Асылыммен «Менің отбасым» тақырыбына шағын әңгіме. Мақсаты:Баланың сөйлеу тілін дамыту.	Ясминамен «бір-көп» ойын жаттығуы. Мақсаты:Ойыншықтардың атауларын жекеше және көпше түрде атау
Серуенге дайындық	Серуенге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуен	Ауа райы құбылыстарын және табиғи обьектілерді бақылау. (қоршаған ортамен таныу, танымдық және зерртеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекекті				
	«Торғайлар мен тышқандар» қимылды ойын	«Айна» аз қимылды ойын	Аз қимылды ойын: «Үкі»	Қимылды ойын: Торғайар мен автомобиль	Аз қимылды ойын: «Бұлт пен жел»
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафка салу. Балаларға киімдерін шешіп, бүктеп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын жуғызу. Қол жуу барысында сабынды пайдалануды дағдыға айналдыру. Болған соң орамалмен сүртіп, орнына ілуді қадағалау.				
Кешкі ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту, және сүлгіні дұрыс іліп қоюТамақтану кезінде балалардың назарын тамаққа аудару; тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері. Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Балалардың дербес әркеттері	Балалардың қызығушылығы иен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын,қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады.				
	Дидактикалық ойын «Сипап сезу арқылы	«Бауырсақ » Міндеті:Балалар-ға	«Шаштараз» сюжетті-рөлді ойындары.	Балалардың таңдау бойынша шығармашылық	Еңбек әрекеті Ойыншықтарды

	санау» Мақсаты: Сипап сезіп санау арқылы қарамай – ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету(артық,кем,тең) санау дағдыларын бекіту. (математика негіздері-танымдық Әрекет)	ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ. (мүсіндеу-шығармашылық әрекет)	Мақсаты: Балаларды әдемілікке, әсемдікке,жинақылыққа дағдыландыру.Ойын іс әрекетінде балаларды татулыққа,достыққа тәрбиелеу.	іс-шаралары: оригами, күзгі бақ,сурет салу, мүсіндеу,жапсыру	орындарына жинату Міндеттері: Балаларды ұқыптылыққа,жинақылыққа тәрбиелеу.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				
	«Баланың балабақшаға тез бейімделуі» кеңес.	«Вирусты аурулардан сақтану» ата-анаға кеңес.	«Баланың қауіпсіздігін сақтау» ата-анаға кеңес.	Баланың балабақшадағы бүгінгі іс-ірекеті.	«Бала тілін дамыту жолдары» Ата анаға кеңес.

Тексерілген күні: 27.09.2024 ж
Үсыныс: сюжетті рөлді ойындарға баланың белсенділігі
Әдіскер

Тәрбиелеу –білім беру процесінің циклограммасы (қазан) 2 апта

Білім беру ұйымы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота балабақша-бөбекжайы»

Топ: «Балақан» ересек тобы

Тәрбиешілер: Толемисова А.К, Исан С

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: **07.10.24-11.10.2024**

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **07.10.24**	**Сейсенбі** **08.10.24**	**Сәрсенбі** **09.10.24**	**Бейсенбі** **10.10.24**	**Жұма** **11.10.24**
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалармен үстел үсті ойындарын ойнату.«Бұл қай мезгіл?» (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, көңіл-куйі жайлы әңгімелесу. «Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану» тақырыбында жаңадан келген ата-аналарға кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау),жапрықтарын сүрту. (экологиялық тәрбие)				
	«Тәтті тоқаштар»шығармашылық орталығы (мүсіндеу,жапсыру,	**«Жемістер мен көкөністер»** Квест-ойыны (математика	«Қоянның үйшігі» шығармасын оқып беру (көркем	**Танымдық-зерттеу әрекеті** «Сиқырлы су» (қоршаған	Шығармашылық орталығы **«**Ұлттық тағамдар**»** - әртүрлі материалдардан ұлттық тағамдарды құрастыру, Олардың

	сурет салу, қоршаған ортамен танысу) **Міндеттері**: Үлгі бойынша немесе өз ойынан дөңгелек пішіндегі тоқаштарды мүсіндеу, жапсыру, сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Бейн еленген заттары туралы әңгімелеу.Нанды қастерлеуге баулу.	негіздері, сурет салу, сөйлеуді дамыту) **Міндеттері:** Заттардың пішіні,көлемі туралы білімдерін дамыту, көлемі бойынша орналастыру)Күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырату.Маусымдық өзгерістер жайлы әңгімелеу, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. (экологиялық тәрбие)	әдебиет, сөйлеуді дамыту) **Міндеттері:** достыққа, адалдыққа тәрбиелеу. Сюжетті мұқият тыңдау, сұрақтарға жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Шығармашы-лық орталығы (жапсыру, сөйлеуді дамыту) Балаларға қауіпсіздік техникасын сақтауды үйрету	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Міндеттері: Қарапайым тәжірибе арқылы судың қасиеттерімен таныстыру (сұйық, мөлдір, иіссіз, дәмсіз, ыдыстан төгілуі мүмкін). Судың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу.	түр түсін-пішінін анықтау.Құрастырған композицияларына ұқыпты қарау туралы әңгімелесу Балаларды қазақ халқының ұлттық ою өрнектерін ажырата білуге баулу.Олардың пайдасы туралы уйрету.(сөйлеуді дамыту, құрастыру, қоршаған ортамен таныстыру) (Біртұтас тәрбие жоспарынан)
Ертеңгілік жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары** (жалаушалармен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар жалаушаларымен оң жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; 1.2. Бастапқы қалып 1.3. Балалар жалаушаларымен сол жаққа бұрылып, "желбіре" дейді; 1.2. Бастапқы қалып 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларымен: "жаса" дейді; 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, жалаушалар тізе үстінде 3.1. Жерге арқаларынан жатып, жалаушаларын жоғары желбіретіп: "тербе" дейді; 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде 4.1. Жалаушаларын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Кезекшілердің жұмысы «асхана аспаптарын, майлықтарды салу) Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау, Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т.б.Ұйымдастырылған іс-әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс әрекет	**Қазақ тілі** **Тақырыбы:** «Бақта не өседі?» **Міндеті:** Жеміс атауларымен	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** Жүгіру. **Міндеті:** Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық	**Музыка** **Тақырыбы: «Анасын тап» ойыны** **Міндеті:** Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін,	**Дене шынықтыру** **Негізгі қмиыл:** Домалату, лақтыру, қағып алу. **Міндеті:**	**Дене шынықтыру** **Негізгі қимылдар:** Жүгіру. **Міндеті:** Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық

	таныстыру. Жемістерді жекеше, көпше түрде айтқызып үйрету. Қойылған сұрақты түсінуге және оған қысқаша жауап бере алуға дағдыландыру. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән Ә,Ө,Қ,Ү дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру **Музыка** **Тақырыбы:** «Сиқырлы ағаш» ойыны **Міндеті:** Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету.	скамейканың, бөрененің бойымен жүру. (арақашықтығы 15 см.) Шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. **Қимылды ойын:** «Допты кәрзеңкегк түсір» **Мақсаты:** Балаларлың ептілігін дамыту, дәл көздеуді үйрету.	қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету.	Гимнастикалық орындық үстімен жүріп, допты оң, сол жаққа жерге соға, қос қолмен қағып ала жүруді; бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету. **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап» **Мақсаты:** Қимыл-қозғалысты, бақылағыштықты дамыту.	скамейканың, бөрененің бойымен жүру. (арақашықтығы 15 см.) Шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. **Қимылды ойын:** «Допты кәрзеңкегк түсір» **Мақсаты:** Балаларлың ептілігін дамыту, дәл көздеуді үйрету.

	Ас атасы-нан. **Міндеттері**:Балалардың нан туралы білімдерін жетілдіру. Нанның адам үшін пайдасы, нанды қастерлеуге баулу**.**Бауырсақ пен тоқашты салыстыру. Олардың пішінін анықтау**.**Сан және санау дағдыларын дамыту.Екі қатарда тұрған заттар тобын салыстыруды үйрету**.(**қоршаған ортамен танысу,математика негіздері) (коммуникативтік-әлеуметтік,танымдық дағды)	**Мүсінддеу.** **Кузгі жапырақтар** Міндеті: Балаларға жапырақтың дайын сұлбасы бейнеленген қағазға ермексазды жалпайту, домалақтау, жіңішкерту әдістерін пайдаланып жапсыруға үйрету; **Құрастыру** **Міндеті:**Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды құрастыру (шы,армашылық	**«Ақ бидай»** Міндеттері: Балаларға ақ бидай ертегісін айтып беру.Ертегі кейіпкерлерін ажырата білуге баулу.Қоршаған орта туралы білімдерін дамыту. Бидайдың суретін салу. Құрастыру материалдарына егіс даласындағы трактордыұрастыру. **(**қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, құрастыру (коммуникативтік-әлеуметтік ,шығармашылық дағдылар)	**««Геометриялық пішіндерді тану және атау»** **Міндеттері:** тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып, қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. Құрастыру материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. Жемістер мен көкөністердің пайдасы туралы үйрету.Алма тақпағын жатқа айтуға дағдыландыру. .Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға	**Менің сүйікті ертегім"**тақырыбында кітаптар суреттерін қарап, әңгімелесу **Міндеттері:** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасауды: сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу. *(Коммуникативтік,танымдық дағды)* **"Әдемі шалқан"** *(Жапсыру)* **Міндеттері:**Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі

